

## Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур  
11 - сынып  
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

*Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.*

**Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:**

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	<p>Ол Бек-Алқаға жылына бір рет міндетті түрде қатынайтын. Туған ауыл, ел-жұртын емешегі үзіліп сағынғандықтан емес (қайбір екі туып, бір қалғаны бар), жыл бойғы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, ұшы-қиыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін, етектегі елге — Үлкен Жерге асығатын. Ал шаруа, басқаны қайдам, Ерік үшін қайта айналып орнына келе берер күн мен түн секілді мәңгілік қозғалыстағы, мәңгілік айналымдағы дүбірлі дүние, таусылмас қазына.</p> <p><b>Үзінді қай шығармадан алынған. Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз?</b></p>
2.	Қазақ әдебиеті	<p>Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романынан:</p> <p>– Есеней-ау, мына қараша ауылды сен неғып көрмей жүрсің? Өзіңе ұят қой! – деді.</p> <p>– Осы қырық үй малшы-жалшылардың қырық жылдан бергі жалақылары сенің мойныңда кете беріпті... обал ғой, – деді.</p> <p>– Айналайын Ұлпанжан, соны маған ендігәрі айтпайтындай болып, өзің тындыршы, екеумізге екі айғырдың үйірі жылқы қалдырсаң болды. Менің ендігі байлығым жалғыз сен... асырарсың бірдеңе қылып...</p> <p><b>1.Үзіндіде Ұлпанның қандай қасиеті суреттелген (ойыңызды дәлелдеп жеткізіңіз)</b></p> <p>А) қайраткерлігі, кісі ақысын жемеуі В) батырлығы С) сұлулығы</p>

		<p>D) ұяңдығы E) тәкаппарлығы</p> <p>2. Үзіндіде келтірілген сөйлеу түрі және ережесін айтыңыз</p> <p>A) диалог B) монолог C) аллегория D) полемика E) теңеу</p>
3	Қазақ тілі	<p><b>Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз.</b></p> <p>Ректорат мына мәселені еске салады: ол - студенттерді ерте бастан ғылыми еңбек жазуға төселдіру.</p>
4	Қазақ тілі	<p><b>Мәтінде қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз.</b></p>
5	Тіл мәдениеті	<p><b>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p> <p>NEET термині ағылшын тіліндегі «Not in Employment. Education or Training» ұғымының бас әріптерінен <b>құралған</b>. Қазақ тіліне <b>аударсақ</b> «не жұмыс істемейтін, не оқымайтын, не өзге де істермен <b>айналыспайтын</b> адам» дегенді білдіреді.</p> <p>NEET жастар XX ғасырдың соңында пайда болды. Бұл мәселені Ұлыбритания алғаш болып көтерген. Ал жастардың әлеуметтік әлсіз топтарына арналған мемлекеттік сараптаумен Бүкіләлемдік банктің <b>айналыса</b> бастауы, мұның әлемдік деңгейде күрделі мәселе екенін <b>көрсетеді</b>.</p> <p>NEET жастардың пайда болу себебін объективті, субъективті және жеке <b>тұлғалық</b> тұрғыдан қарастыруға болады. Ең басты әсер ететін фактор – өскен ортасы, отбасы, қоғам, достар, туысқандар. Сонымен қатар көп жағдайда ата-аналар <b>балаларын</b> тым аярлық сезіммен өсіреді. Баланың өз бетімен <b>қимылдауына</b> мүмкіндік бермейді. Тұрмыстық жағдайға қатысты жұмысты бала өзі жасаса немесе ата-анасымен бірге істесе оның қадірін біліп өседі, жауапкершілікті сезінеді. <b>Сонда</b> үйдегі тәрбиеден алдағы өміріне сабақ алады.</p> <p>I. Қазақ тілінде қандай стильдер бар? Берілген мәтін қай стильге жатады?</p> <p>II. NEET жастардың пайда болуының басты себебін ата, ойыңды 4-5 сөйлеммен дәлелде.</p>

- Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут